



ИБИ: іскерлік белсенділік көп секторда едәуір жақсарды

*2026 жылғы сәуірдегі іскерлік белсенділік туралы
ҚҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры Рүстем Оразалиннің
түсіндірмесі*


Астана қ.

2026 жылғы 4 мамыр

2026 жылғы **сәуірде** іскерлік белсенділік индексі **50,7** (наурызда – 49,4) болып, оң аймаққа көшті.

Іскерлік белсенділік индексінің динамикасы тау-кен өндіру өнеркәсібінен басқа барлық секторда жақсарды. Өндірістегі, көрсетілетін қызметтердегі және құрылыстағы индекстер тиісінше **53,7**, **51,0** және **50,4** (наурызда – 50,6, 50,7 және 44,9) болып, өсу аймағында қалды. Тау-кен өндіру өнеркәсібі мен саудада индикаторлар төмендеу аймағында қалып, тиісінше **48,5** және **49,1** болды (наурызда – 49,6 және 48,2). Өндірісте жаңа тапсырыстар көлемі, жұмыспен қамту деңгейі мен жаңа өнім көлемі едәуір өскені байқалады.

1-график. Іскерлік белсенділік индексінің (ИБИ) динамикасы



Бизнес-ахуал индексі (БАИ) 2026 жылғы сәуірде бизнес жүргізудің қазіргі және келешек жағдайларын бағалау көрсеткіші жақсарды – **11,1** (наурызда – 8,2). Кәсіпорындар сұраныстың айтарлықтай жақсарғанын да атап өтті.

Толығырақ – Қазақстан Ұлттық Банкінің [интернет-ресурсында](#)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz